

ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM

МРНТИ 19.41.07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7804.115>

*О. Ошанова*¹

¹ *Шет тілдер және іскерлік карьера университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ КЕҢІСТІКТІ ЗАҢДЫҚ ТҰРҒЫДАН РЕТТЕУ:
МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

Аңдатпа

Бұл мақалада автор қазіргі кезде өзекті болып отырған интернет кеңістігін құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесін көтереді. Бұл сұрақ біздің еліміздің ғана емес, барлық әлемнің құқық қорғаушылары мен БАҚ өкілдерін толғандырып отыр. Мұның себептері де салмақты, біріншіден, бұл ұлттық қауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, екіншіден, сөз бостандығы мен жариялылығы мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылатындығында болса керек. Әлемнің дамыған елдерінде интернет кеңістікті заңдық тұрғыдан реттеу тәжірибесі кеңінен қолданылып келеді және олар ғаламтордың шексіз мүмкіндігін заңсыз әрекет етуші күштердің пайдалануына тосқауыл қоюдың түрлі әдіс-тәсілдерін ойластырып қойған.

Бұл тұрғыдан алғанда біздің елімізде бұл мәселе соңғы екі-үш жылда ғана қоғам тарапынан кеңінен талқыланып, заңдық тұрғыдан реттеудің қатаң шаралары қолға алынып жатыр. Мақала авторы осы бағыттағы отандық реттеу шараларын жан-жақты талдай келіп, сонымен қатар әлеуметтік желілерге қатысты орын алып отырған заңсыздықтарды сараптайды. Мәселен, терроризмді насихаттау, бейәдеп сөзбен балағаттау мәселелерін реттеуге қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды жүйелі сөз етеді. Осылайша нақты деректер негізінде мәселені салыстыра қарастырып, еліміздегі интернет кеңістікті бақылаудың кемшіліктері мен жетілдіретін тұстарын ашып көрсетеді.

Еліміздегі ақпаратты бұғаттау және оны қайта қалпына келтіру тәртібі ақпараттың немесе ақпараттық ресурстың мазмұнына тікелей қатысты. Заңнама бойынша олар жүйеленіп, нақты атап көрсетілген.

Түйін сөздер: интернет, құқықтық реттеу, сөз бостандығы, ақпаратты бұғаттау, заң, салыстыру, ақпаратқа қолжетімділік

*O.Oshanova*¹

¹ *University of foreign languages and business career,
Almaty, Kazakhstan*

LEGISLATIVE REGULATION OF INTERNET SPACE IN KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND SOLUTIONS

Abstract

In the article raises the actual issue of legal regulation of the Kazakhstan Internet space. The author examines the issues of combining the methods of legal regulation and self-regulation on the Internet. Prospects of soft law in the international regulation of the Internet, in countries such as the United States, Britain and Russia are assessed from different points of view. Especially the author draws attention to such topics as terrorism, pornography and encroachment on the honor and dignity of citizens.

The relevance of this topic is expressed in the fact that, the Internet is still not sufficiently regulated from the legal point of view. The constant increase in the number of subscribers and the growing importance of information exchange through the Network attract the public's attention to the problems of regulation, the development of rules for the fair, legitimate functioning of the Internet by the state.

Internet legislation is a set of laws, other normative acts (national and foreign states) which are regulating relations in the virtual space of the Internet. As an Internet relationship is considered only those relations that are connected with the social and legal regulation of the virtual space that is with the regulation of this space on the basis of the norms of law, morals, ethics and other means.

The main problems of legal regulation are related to the order and conditions of the use of telecommunications networks and protection of the rights and legitimate interests of various entities during the transfer of information in global computer networks. There is a need to develop an adequate national legislation with all modern requirements, moreover in existing laws on the legal regulation of the Internet space in Kazakhstan prescribed severe penalties, and they haven't an alternative solutions. This issue causes criticism of both among professional journalists and among the public.

At present, the domestic information legislation of Kazakhstan and other countries are very extensive. However, it is still far from perfect and requires working out and adoption of new acts.

Key words: internet, legal regulation, freedom of speech, legislation, information blocking, access to information

*О.Ошанова*¹

¹ *Университет иностранных языков и деловой карьеры,
Алматы, Казахстан*

ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ - ПРОСТРАНСТВА В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Аннотация

В статье автор поднимает актуальный вопрос правового регулирования казахстанского интернет-пространства. Рассматриваются вопросы сочетания методов правового регулирования и саморегулирования в Интернете. Оцениваются перспективы мягкого права в международном регулировании Интернета, в развитых странах. Особенно автор обращает внимание на такие темы как терроризм, посягательство на честь и достоинство граждан.

Актуальность данной темы выражается в том, что, Интернет до сих пор недостаточно урегулирован с точки зрения права. Постоянное увеличение числа абонентов, растущая значимость обмена информацией посредством Сети, привлекают пристальное внимание общественности к проблемам регулирования, выработке правил справедливого, легитимного функционирования Интернета со стороны государства

Интернет-законодательство - это совокупность законов, иных нормативных актов (национальных, и зарубежных государств), регулирующих отношения в виртуальном пространстве Интернета. В качестве интернет - отношений выступают только те отношения, которые связаны с социально-правовым регулированием виртуального пространства (т.е. с регулированием этого пространства на основе норм права, морали, этики и других средств).

Основные проблемы правового регулирования связаны с порядком, условиями использования телекоммуникационных сетей и защиты прав и законных интересов различных субъектов при перемещении информации в глобальных компьютерных сетях. Существует необходимость разработки адекватного всем современным условиям национального законодательства, в существующих законах об правовом регулировании интернет-пространства в Казахстане прописаны жесткие меры наказания, и им нет альтернативы. Это вызывает критику как в среде профессиональных журналистов, так и среди широкой общественности.

В настоящее время внутреннее информационное законодательство Казахстана и других стран весьма обширно. Однако, оно пока далеко от совершенства и требует разработки и принятия новых актов.

Ключевые слова: интернет, правовое регулирование, свобода слова, законодательство, блокировка информации, доступ к информации

Кіріспе. Біздің қоғамда Интернет кеңістікті заңдық тұрғыдан реттеу соңғы кездері өте өзекті мәселеге айналып отыр. Қоғамның белсенді мүшелері ғана емес, сонымен қатар БАҚ өкілдері және құқық қорғаушылар бұл сұраққа ерекше мән беруде, оның үлкен бір себебі, бұл мәселенің сөз бостандығы мен жариялылығына тікелей қатыстылығында болса, екіншісі, бұның ұлттық

қауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау мәселелерімен тығыз байланыстылығында жатыр.

Бүкіләлемдік ақпараттық кеңістік, яғни интернет өзінің бұқаралық сипаты және әлемнің көптеген елдерінің адамдарының қолжетімділігі арқасында жаңа заманның қажетті бөлігіне айналып отыр. Сонымен қатар Интернет мемлекеттік шекара деген ұғымды жоққа шығарады және әлемдік ақпараттық ресурстар мен базаларға қол жеткізудің құралы ғана болып табылмайды, ол бұқаралық ақпаратты таратудың тиімді құралы деп те танылады. Бұл жағдайда интернет әлемдік желіде бақылаусыз немесе мақсатты түрде деструктивті ақпараттардың түрлі ағымдарын таратудың алаңына айналады және бақылау жүйесіне заңсыз кіруге, әрі адам құқықтарын бұзуға жол ашады. Сол себепті де дамыған және дамушы елдердің интернетті заңдық тұрғыдан реттеу саласындағы тәжірибелері бұл салаға мемлекеттік бақылаудың қажеттігін көрсетеді. Интернет желісіндегі ақпараттарды, ұлттық сегменттегі ресурстардың мазмұнын бақылау мақсатында және ұлттық қауіпсіздікті сақтау бағытында жағымсыз ақпарат көздерінің алдын алу үшін бұл елдер жылына 10 немесе 100 миллион доллар шамасында ақша жұмсайды. Мұның бәрі тегін жасалып жатқан жоқ, олар интернет арқылы келер қауіптің салмағын сезініп, осындай қадамдарға баруда.

Негізгі бөлім. Әлем елдерінде интернетті құқықтық тұрғыдан реттеудің бірнеше тәсілдері бар. Біріншісі – мемлекет интернетті реттеу жұмысына араласпайды, екінші тәсіл – интернетті басқару және құқықтық қарым- қатынасты реттеу ісінде (балалар порнографиясы, терроризм, экстремизм және т.б.) мемлекеттің араласу үлесі шектеледі. Ал үшінші тәсіл – интернетті заңдық реттеудің қатаң түрін қолдану.

Қазақстан осы құқықтық реттеу тәсілдерінің үшінші үлгісін таңдап алды. Әрине, бұл мәселеге қатысты заңгерлер мен медиа-сарапшылар өздерінің қарсы пікірлерін жария түрде білдірді. Мәселен, олар біріншіден, интернет азаматтардың еркін пікір білдіруінің қолданбалы құқығын іске асыруға технологиялық мүмкіндік беретін құрал болуы керек десе, екіншіден, мемлекеттің реттеудің “жоғарыдан төмен” деген ұстанымын алға тартуы интернет қолданушыларының қарсылығын тудыруға әкеліп соғады, сонымен қатар бұл жағдайда мемлекет интернет контентті бақылау және сүзгіден өткізу артықшылығын өз мүддесіне сай реттейтіндігі сөзсіз деген тұжырым жасайды. [1, 3]

Қазақстан жыл сайын интернетті реттеудің шектеу үлгісін заңдық тұрғыда бекітіп отыру үрдісін соңғы жылдары үздіксіз жалғастырып келеді.

Алғаш рет елімізде 2009 жылы интернеттегі барлық сайттар, әлеуметтік желілер “бұқаралық ақпарат құралы” деп заңдық тұрғыда бекітілді [2]. Әкімшілік, азаматтық, құқықтық жауапкершілік өлшемдері де БАҚ –қа теңестірілді. Осы негізде “Фейсбук” сияқты әлеуметтік желілерде жарияланған постарға қатысты күмән тудыратын соттық шешімдердің жауапкершілікке тарту тәжірибелері кездесе бастады, әрине бұл заңдық стандарттарға қарсы әрекет болып танылады. “Ақпарат туралы заң” қабылданар алдында еліміздің медиа-сарапшылары мен құқық қорғаушылары бұл мәселені шешудің оңтайлы тәсілін ұсынып көрген еді, яғни заңға “желілік басылымдар” деген түсінік енгізіп, яғни интернеттегі барлық жарияланған дүниелерді БАҚ деп танымай, тек “желілік басылым” деген тіркелім жасаған сайттарды мойындау. [1, 3]

Соңғы жылдары мемлекет БАҚ-ты, оның ішінде интернет сайттар да бар, қаржыландыруға көп көлемде ақша бөлуде. Қазақстан интернет ассоциациясының бастығы Шавкат Сабировтың айтуынша “Қазақстанның құқыққорғау органдары өткен жылы әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізетін жүйелерді сатып алуға қомақты қаржы жұмсаса, биылғы жылы Ақпарат және коммуникация министрлігі интернетке мониторинг жүргізуге 2 миллиард теңге бөліп, осы іске тендер жариялады”. Тағы бір айтып өтерлік жайт, Қазақстанда тыйым салынған сайттардың тізімі жоқ, бар болған жағдайда да бұл ақпарат көпшілікке қолжетімді емес, негізінен алғанда мұндай мәліметтердің жария болғаны дұрыс дер едік.

Талқылау. Біздің еліміздің заңнамасында заң бұзушылық нысанасына жеке адамдар көбірек ілінеді, яғни оның әлеуметтік желілерде өз парақшасында жазылған ақпараттар және басқа пайдаланушының жазған жазбасына қалдырған комментарийлер мазмұны көбірек бақылауға алынады. Ресей заңында бұғаттау ісінде көп жағдайда сайттардың ақпараттары бақылау тезінен өтетіндігі байқалады.

Бұл сөзімізге 2017 жылдың 28 желтоқсанында “Ақпарат және коммуникация мәселелері бойынша ҚР заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заңындағы 36-бап қосымша дәлел бола алады [2]. Осы баптың 5-1 тармағы негізінде енді тіркелмеген қолданушылар қазақстандық интернет-ресурстарда бүркеншек атпен комментарийлер қалдыра алмайды. Көпшілікке қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстардың иелері қолданушының

ақпараттарын “электрондық үкімет” порталында идентификация немесе SMS-идентификация жасағаны туралы екеуара жасаған жазбаша келісім шарт болған жағдайда ғана жариялай алады.

Заңдағы бұл жаңа норма ҚР ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, әлеуметтік желілердегі қолданушылардың бір-бірін бейәдеп сөздермен балағаттау және әлеуметтік және ұлтаралық жанжал тудыратын мазмұндағы комментарийлер қалдыру деректерінің көбеюінен пайда болған. Сонымен қатар министр әлеуметтік желі қолданушылары комментарийді жалған атпен бұрынғыдай қолдана береді, тек портал иелері бүркеншек атпен кімнің тіркелгенінен хабардар болып отырады [3].

Бұл заң нормасының тағы бір ескеретін тұсы, әлеуметтік желіде ұлтаралық жанжал тудыру немесе конституция талаптарына қайшы келетін әрекеттерге шақыру әрекеттері орын алған жағдайда қолданушыларды анықтау мүмкіндігі болады. Заңда көрсетілген бұл талаптар Facebook, Youtube, Instagram сияқты шетелдік ресурстарға қолданылмайды.

Бұл бағытта елімізде нақты шаралар атқарылып жатыр. ҚазАқпараттың хабарлауынша соңғы уақытта Қазақстанның тиісті органдары әлеуметтік желіні қатаң бақылауға алды. Әлеуметтік желіде ойланбай жазған бір сөзі үшін темір тордың ар жағынан шыққан азаматтардың саны көбейіп кетті. 2016 жылдың соңғы екі айын алып қарайық: Солтүстік Қазақстан облысының 22 жастағы тұрғыны әлеуметтік желіде ұлтаралық шиелініс тудырды деген күдікпен 3 жылға сотталса, осы облыстың тағы бір тұрғыны Қазақстанды Ресейге қайта қосу керек деген жазбасы үшін 5,5 жылға сотталды. Щучинск қаласының тұрғыны интернетте терроризмді насихаттағаны үшін алты жылға түрмеге қамалды. Бұл әрине, алаң тудыратын мәселе. Әсіресе, оқушылар мен жастар үшін. Әлеуметтік желіде “ерігіп” отырған олар, ойланбай жазған бір сөзі үшін өмір бойы опық жеуі мүмкін [4].

“Технодом” тұрмыстық және электронды техника сататын дүкендер желісінің интернет-ресурсында “үлкендерге арналған тауарлардың” бірқатары ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап ашық түрде сатылып келгені туралы тұтынушылардан ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне арыз-шағымдар түсіп, нәтижесінде Technodom.kz интернет ресурсы екі күнге, 7-8 тамыз күндері бұғатталып, “Технодом” компаниясының сайтына кіруге шектеу қойылған болатын.

Сараптама нәтижесінде аталған сайтта жыныстық-эротикалық сипаттағы материалдардың жарияланып, бұқаралық ақпарат құралдары туралы және балалардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы заңнамалардың талаптарының бұзылғандығы расталды. Сонымен қатар, 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің қаулысымен бекітілген Ішкі сауда ережесінің 155-тармағына сәйкес эротикалық мазмұндағы тауарлар арнайы жерлерде (мамандандырылған дүкендер) сатылуға тиіс. Осы орайда, ағымдағы жылдың 2 тамызында Министрлік technodom.kz интернет-ресурсына ҚР заңнамасын бұзатын материалдарды алып тастауға немесе олардың қазақстандық пайдаланушыларға қолжетімділігін шектеуге шаралар қабылдауын талап етіп хат жіберген болатын. Technodom.kz интернет-ресурсы тиісті шараларды қабылдап, заң талаптарын орындамағандықтан, Министрлік ағымдағы жылдың 7 тамызында “Байланыс туралы” Заңның 41-1-бабында белгіленген тәртіпке сай technodom.kz интернет-ресурсына кіруді шектеу туралы байланыс операторларына және “Мемлекеттік техникалық қызмет” РМК-ға нұсқама жіберген.

Белгілі болғандай, министрлік тарапынан жасалған ескертулерден кейін компанияның жауапты мамандары аталмыш тауарды сататын контентті алып тастаған [5].

*Дамыған елдердегі әлеуметтік желіде бейәдеп сөз айтқан, балағаттау мәселесін реттеуге қатысты заңнамаларды сөз етер болсақ, бұл мәселені реттеуге қарсы шығушылар бар, олардың айтар уәжі – бұл дегеніміз цензура, ой еркіндігі мен сөз бостандығына қайшы, “сөз бостандығы әркімнің жеке бас құқығы, ол Конституцияда көрсетілген” - дейді [6].

Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Халықаралық ұйымдар интернеттегі сөзбен балағаттау және порнография мәселесін реттегенде “адамның жеке тұлғалық және отбасылық құндылықтарын қорғауды басты назарға алу керектігін айтады. Сонымен қатар кейбір мамандар балаларды адамгершілікке қайшы келетін және зиянды материалдардан сақтандыру қажет” – деген пікірді алға тартады [7].

2016-2017 жылдардағы Интернеттегі заң бұзушылықтарды былайша жіктеп көрсетуге болады:

- Интернетте терроризмді насихаттау;
- Дәстүрлі емес діни ағымдардың ісін насихаттау;
- Ұлтаралық шиеленісті тудыру;
- Қазақстанның тұтастығына қол сұғу.

Қазақстан азаматтарының әлеуметтік желілерді қолдану үлесі [8]:

ҚР азаматтарының әлеуметтік желіні пайдалану өсімі



Ендігі кезекте еліміздегі әлеуметтік желілердің қолданылу үлесі туралы сөз етсек. Beeline.kz-тың хабарлауынша 2017 жылдың қазан айындағы мәлімет төмендегідей: ВКонтакте әлеуметтік желісінің қолданушылар саны – 4 млн, Facebook -3,3 млн, Instagram – 3 млн. Мессенджерлер арасында WhatsApp алдыңғы орында, қолданушылар саны – 2,5 млн, Telegram – 2 млн, Viber – 1 млн.

Біздің еліміздегі интернетке қатысты ойлантатын мәселе, қазіргі таңда билік өкілдері мемлекеттің қаржысын кәсіби медиалық салаға емес, блогерлерге бөлуді жөн санайды.

Бұл орайда “Билік бүгінгі күнде сарапшылар қоғамдастығы немесе медиалық саланы емес, әлеуметтік желілерді, нақтырақ айтсақ, өз салаларында кәсіби маман емес адамдарға тапсырыс беріп, оларды қаржыландыру ісін бастап кетті. Негізінде, мемлекет тек кәсіби саланы реттеуі керек. Менің шенеуніктермен араласқанда көз жеткізгенім, олардың белгілі бір адамдардың сөздеріне сілтеме жасап сөйлейтіні, бұл дегеніміз ол адам желінің ықпалында кеткендігін көрсетеді, оның өзіндік көзқарасы жоқ және жеке сарапшылық бағам жасай алмайды. Шындап келгенде қаржыны сауатты түрде қолдануға болады. Негізі, ақшаны блог-постқа емес, жаңалық үшін медиалық басылымға төлеген ұтымдырақ болар еді” - деген Қазақстан интернет ассоциациясының бастығы Шавкат Сабиловтың пікірінің жаны бар.

Қоғамда көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің осы әлеуметтік желі арқылы шешіліп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Әлеуметтік-саяси бағытта Facebook-тің ықпалы Қазақстанда басқа бәсекелестерімен салыстырғанда жоғары. Соңғы кездері қоғамда орын алған шулы мәселелерді талдайтын болсақ, олардың барлығы Facebook-те айналымға түсіп, оның ықпалымен шешімін тапқан болатын.

Қазіргі кезде кадр мәселесі де әлеуметтік желілерге қажетті ақпараттарды “құюмен” шешілетін дәрежеге жетті.

“Еліміздегі көптеген мемлекеттік органдар газеттермен қалай жұмыс істеу керектігін білмейді. Газетке келіп, 100 доллар ұсынып, “маған ыңғайлы етіп жазып бер” деп айта алмайды. Ал блогерге ондай ұсыныс жасауға болады. Мысалы, қазіргі күнде Ресейде блогерлер өздерінің абырой-беделдерін ойлай бастады, ал бізде беделдің (репутация) әзірше көк тиын құны болмай тұр. Бұл біліктілік пен уақыттың еншісіндегі мәселе. Нақтырақ айтсақ, бізде дәстүрлі БАҚ пен блогерлердің деңгейі төмен, әрине бұл бағытта даму болады” - деген жазушы Дмитрий Шишкиннің пікірімен келіспеске болмайды, ойлантатын мәселе.

Еліміздегі әлеуметтік желілердің қолданушылардың өзара тілдесуіне, өздерінің көзқарастарын білдіруге қолайлы әрі тиімді платформа ұсынып отырғандығы шындық. Бұл орайда Евразиялық ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Дәурен Әбеннің бұл мәселеге қатысты пікірі қызық: “Білімділік пен саяси белсенділік тұрғысынан алғанда көзқарасты аудитория Facebook желісіне тән. Facebook үкіметке тиімді қызмет атқарумен қоса, саяси белсенді

азаматтарға өздерінің қарсылықтарын көрсетуге мүмкіндік бере отырып, бу шығарушы (пароотвод) және найзағай тартқыш (громоотвод) құралдардың ролін атқарып отыр. Бірақ бұл екіұшты таяқ сияқты. Әлеуметтік желідегі өткір әрі ымырасыз пікірталастар адамдардың бойында саяси үрдістерге қатысып, сонымен қоса мемлекеттік саясатқа ықпал етіп жатқандай жалған әсерге бөлейді, олар өтірік елестің жетегінде отырады, осы арқылы жалған (эрзац) азаматтық қоғам құрылады. Осы себепті де әлеуметтік желілер көп жағдайда қоғамдық пікірді манипуляциялау бағытында пайдаланылады”.

Шынында да әлеуметтік желілердің бұл қырын да жоққа шығара алмайсыз.

Саясаткер Марат Шибатов “Facebook саяси белсенділікті бәсеңдетеді” деп есептейді. Мониторинг көрсеткендей бұл қарсылық акциялар барысында айқынырақ танылады. Жағымсыз іс-әрекеттермен қатар, позитивті азаматтық белсенділік те жұтылып кетеді.

Қорытынды.Елімізде интернетті заңдық тұрғыдан реттеудің түрлі тәсілдері тәжірибе жүзінде қолданылып, оның қоғам тарапынан талқылауға түсіп жатуы, әлеуметтік желілерде белсенділік танытқан азаматтардың заң аясында жауапкершілікке тартылуы да бұл бағытта көптеген жүйелі жұмыстардың жүргізілуі қажеттігін көрсетеді. Осы орайда төмендегідей ұсыныстарды алға тартамыз:

Біріншіден, азаматтарға әлеуметтік желіде белсенділік таныту кезінде көптеген жауапкершіліктердің талап етілетіндігін түсіндіру, бұл бағытта көпшілікке арналған ағартушылық және түсіндіру жұмыстарын жүйлі түрде жүргізу қажет;

Екіншіден, интернетті заңдық тұрғыдан реттеу барысында туындайтын мәселелерді шешуге қоғамның белсенді мүшелері, БАҚ өкілдері және құқық қорғау органдары бірлесе шешуді қолға алу;

Үшіншіден, шын мәнінде бұл сұрақтың азаматтардың сөз бостандығы мен жариялылығына және ұлттық қауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау мәселелерімен тығыз байланысты болуы бұл мәселені жұртшылық болып жұмыла шешу қажеттігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1) *Толуханова А. Эксперт правового медиа-центра: “Казахстан жестко регулирует интернет”, Digital.report, 16.11.2015 -электрондық ресурс*

2) *ҚР “Байланыс туралы” Заңы, 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 Заң/ nur.kz сайты, 15.05.2017 жыл -электрондық ресурс*

3) *Анонимные комментарии и тайны чиновников: какие изменения ждуют СМИ/ Sputnik Kazakhstan, 21.12.2017 -электрондық ресурс*

4) *Әлеуметтік желі: ойланбай сөйлеп, опық жегендердің жазасы, kazinform.kz, 18.01.2017жыл -электрондық ресурс*

5) *“Technodot” министрліктің екертуіне қарамастан интимді тауар түрлерін сатуды көбейтпек/ 16.08.2018, qamshy.kz сайты -электрондық ресурс*

6) *Dawn A.Edick, Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int’l & Comp.L.Rev.437 (1998), http://lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4. -электрондық ресурс*

7) *Panel Discussion, supra note 2, at 354 (statement of Richard A. Kurnit) -электрондық ресурс*

8) *stat.gov.kz сайты -электрондық ресурс*